



басқармасы  
ның орынбасары  
А.Адамбекова  
2021 жыл

**Жалпы ортабілім беретін мектеп оқушыларының арасында республикалық  
Ілияс Жансүгіров оқуларын өткізудің  
Е Р Е Ж Е С І**

**I. Жалпы ережелері**

- 1.1. Осы ережелер жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында өткізілетін республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының мәртебесін, мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.
- 1.2. Жалпы білім беретін оқу орындары арасында өткізілетін республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының мақсаттары мен міндеттері:
  - жалпы білім беретін оқу орындарының оқушылары арасында Ілияс Жансүгіров шығармаларын насихаттау;
  - жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тума талант, табиғи дарындарын анықтау;
  - оқушылардың поэзияға деген құштарлығын арттыру, өлең сөзінің құдіретін жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білуге баулу. Ілиястың лирикалық, эпикалық, прозалық, драмалық шығармаларымен және фольклорлық, ғылыми-публицистикалық зерттеулерімен танысып, ол туралы өз ой-пікірлерін ғылыми тұрғыда жеткізе білуге дағдыландыру;
  - жас ақындарға әлеуметтік-рухани қолдау көрсетіп, шығармашылық жұмыс түрлерін жандандыру. Жас буынның тарихи танымдарын, демократияға және азаматтыққа бағдарланған дүниетанымдары мен сана-сезімдерін, өмірлік айқындамаларын қалыптастыру.

**II. Республикалық жалпы Ілияс Жансүгіров оқуларына қатысушылар**

- 2.1. Ілияс Жансүгіров оқуларының республикалық кезеңіне облыстық байқаудан жеңіп шыққан 8-11 сынып оқушылары қатысады.
- 2.2. Әрбір аудандық (қалалық), облыстық білім мекемелері жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасынан республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларына *(әр номинация бойынша 1 оқушы)* **3 (үш) үміткер ұсынады.** Қатысушының аты-жөні, облысы, ауданы (қаласы), мектебі, сыныбы, жетекшісінің аты-жөні, телефоны туралы толық мәліметі бар тапсырысты облыстық білім басқармасына [almobldo@mail.ru](mailto:almobldo@mail.ru) немесе [rus.aryslanov.77@mail.ru](mailto:rus.aryslanov.77@mail.ru) ( байланыс телефоны т/ф (87282) 600446 , 87023747709, 87056264567) жіберулері керек. Алдыңғы жылдардағы Ілияс оқуларының жеңімпаздары бұл оқуға қатыса алмайды.

Байқаудың республикалық кезеңі ағымдағы жылдың **сәуір** айында өткізіледі.

Ақсу ауданы Жансүгіров ауылындағы Мәдениет үйінде өтеді. Айтысқа қатысатындар Ақсу ауданы Жансүгіров ауылындағы колледж жатақханасына орналасады.

Байқауға қатысатын оқушылардың дәрігерлік (эпидокружение) анықтамасы міндетті түрде болуы керек.

**III. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының шарттары**

- 3.1. Ілияс Жансүгіров оқуларына қатысатын оқушы поэзияны сүйетін, талдай білетін, ғылыми жұмысқа бейімі бар, өлеңді мәнерлеп, көркем оқи алатын, ақындық қабілеті бар *(әр номинация талабына сай)* болуы шарт.

Ілияс Жансүгіров оқуларына қатысушы жыр Құлагері атанған Ілиястың өмірбаянын, әр жанрдағы шығармаларын жақсы білуі тиіс және кез – келген өлеңін, прозалық, драмалық шығармаларын теориялық тұрғыдан да талдай білуі қажет. Сонымен бірге, талапкер өз шығармашылығын да көрсетеді.

### **3.2 Ілияс Жансүгіров оқулары үш номинация бойынша өткізіледі:**

#### **1-номинация:**

«Ілияс-эпик ақын» тақырыбында ақын поэмаларын жатқа оқу байқауы, қатысушылар Ілияс Жансүгіровтің

#### **2- номинация:**

Талапкер Ілияс Жансүгіровтың өлеңдерінің ішінен өзі таңдаған бір өлеңін және жалпы жаттаған өлеңдерін, прозалық немесе драмалық шығармаларын *(ұсынылған тізімінен қазылар алқасының сұрауымен)* жатқа, мәнерлеп оқиды және үзінді орындайды.

#### **3 - номинация:**

Талапкер өзі жазған өлеңдерді топтап, мәтіндерін алдын – ала қазылар алқасына жазбаша түрде тапсыруы керек. *(Кітапшасын ұсынады)*. Қазылар алқасының талабы бойынша өз шығармашылығымен таныстырады, жатқа, мәнерлеп оқиды.

### **IV Қаржыландыру**

- 4.1 Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының мектепшілік, аудандық, қалалық, облыстық кезеңдерін қаржыландыруды тиісті білім мекемелері жүзеге асырады.
- 4.2. Оқушылардың Ілияс Жансүгіров оқуларына қатысуға байланысты шығындарын жолда жүру шығындары мен орналасуын жіберіп отырған мекемелері көтереді.
- 4.3. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларына қатысушылардың тамақтануы, жүлделері мен марапаттауға байланысты шығындарын Алматы облыстық білім басқармасы көтереді.

### **V Жұмыс органдары**

- 5.1. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру және үйлестіру мақсатында Алматы облыстық білім басқармасының бұйрығы негізінде облыстық ұйымдастыру комитеті құрылады.
- 5.2. Республикалық ұйымдастыру комитетінің мүшелігіне облыстық білім басқармасының, Ақсу аудандық білім бөлімі қызметкерлері енгізіледі.
- 5.3. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының ұйымдастыру комитеті:
  - Ілияс Жансүгіров оқуларын өкізудің жалпы тәртібін белгілейді;
  - Тікелей басшылық жасайды, жүзеге асырады;
  - Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының қорытындыларына талдау жасайды және жинақтап қорытады;
  - Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының материалдарын баспасөзде жариялайды.
- 5.4. Республикалық ұйымдастыру комитетінің төрағасы – облыстық білім басқармасының басшысы.

### **VI. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының қазылар алқасы**

- 6.1. Ілияс Жансүгіров оқулары қазылар алқасының құрамы төрағадан, хатшыдан және 9 алқа мүшелерінен тұрады.
- 6.2. Қазылар алқасының төрағасы мен құрамын республикалық ұйымдастыру комитетінің ұсынуы бойынша облыстық білім басқармасының басшысы бекітеді.
- 6.3. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының қазылар алқасы:
  - қатысушылардың өнеріне талдау жасайды және **10 балдық** жүйемен бағалайды;
  - қатысушылардың өнерін бағалаудағы даулы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
  - жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды белгілейді;

**VII. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының жұмысын қорытындылау және қатысушыларды марапаттау**

- 7.1. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының ашылуы және қатысушыларды марапаттау рәсімі салтанатты түрде өткізіледі.
- 7.2. Аудандық, қалалық, облыстық Ілияс Жансүгіров оқуларының жеңімпаздары тиісті білім органдарының дипломдарымен, грамота-ларымен және жүлделермен марапатталады.
- 7.3. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері қазылар алқасының шешімі бойынша әр номинация бойынша Бас жүлдемен, I, II, III дәрежелі дипломдарымен және байқауға қатысқан барлық үміткерлер алғыс хаттарымен марапатталады.
- 7.4. Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының жеңімпаздары үшін тоғыз жүлделі орын белгіленеді: Бас бәйге, бір бірінші, екі екінші, үш үшінші және «Сәтті қадам», «Көрермен көзайымы» атты арнайы номинациялар және қатысқандары үшін алғыс хаттар беріледі.

**Ескертпе.** Республикалық байқауға қатысушылар белгіленген уақыттан кешікпей Талдықорған қаласының автобөкетінде болулары керек.